

### Литература:

1. Ауэзов М.О. Красавица в трауре /Перевод Пантиелев А. – Алматы: художественная литература, 1989. 448 с.
2. Жолдас А., Жақсылық А., Дилмахан Р. Тернистый путь Сакена Сейфуллина // Труды Республиканской научно-практической конференции «Духовно-нравственное наследие Сакена Сейфуллина в развитии образования и науки». 31 октября 2019 г. Казахстан, г. Караганда. – С. 46-47.
3. ЖансүгіровІ. Құлагер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 360 с.
4. Культура Казахстана: энциклопедический справочник. – Алматы: ТОО «Аруна Ltd», 2010.– С. 310-311.
5. Хасенова Ж.О., Жеребцов И.Л. Ахмет Байтұрсынов: от репрессий к реабилитации // Известия Коми научного центра УрО РАН. – 2019. – №2(38). – С. 82-88.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ БОСҚЫНДАР МӘСЕЛЕСІ

Малаев Д.Б., т.ғ.м., аға оқытушы  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.  
[duman260977@mail.ru](mailto:duman260977@mail.ru)

Қазіргі таңда Қазақстан тарихында босқындар мәселесі толық зерттелген деп айтуға болмайды. Оның түрлі себептері бар. Біріншіден, әлі күнге дейін саяси қуғын-сүргіннен жапа шегіп сырт елдерге кеткен қазақтардың нақты саны белгісіз. Екіншіден, бұл тақырып әліде саясаттың шырмауынан шықпаған. Яғни егер қайткен күнде, жапа шегіп өз туған елінен кетуге мәжбүр болған адамдардың жеке статусына баға берілсе. Онда олардың ұрпақтары моралді және материалды шығынды өтей алады. Ал бұл онай шаруа емес. Сондықтан бұл мәселе ауада қалып қойып жатыр. Дегенімен, ғалымдар үшін қызықты тақырып. Әсіресе, сол босқындардың ұрпақтарына. Солардың бірі мен боламын. Мапу әжемнің айтуы бойынша, туған атам туыстарымен жас кезінде 1928 жылы кәмпеске басталғанда Қу ауданы, Шілдебай ауылынан (Қазіргі Қарқаралы Арқалық ауылы) Ресейдегі Алтайға, кейін Кемер қаласына бас сауғалап кетуге мәжбүр болған. Әкем 1941 жылы Кемер қаласында дүниеге келген. АтамКемер военкоматынан соғысқа аттанып оралмаған. Әкем үш жасында анасынан айырылып, тек 1956 жылы елге оралды. Мәжбүрлі көшудің нәтежесінде айрандай ұйып тұрған бір әулет туған туыстарынан айырылып, әрен аман қалды. Осындай трагедияны миллионнан астам қазақ басынан кешті.

Соңғы жылдары қазақстандық босқындар мәселесі зжақсы ерттелуде. Бұл тақырып Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмысы барысында қарастырылған. Алайда әлі зерттеуді талап етеді[1].

Аталған тақырыпты Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрамында Жобалық кеңсе басшысы з.ғ.к., Сабыр Ахметжанұлы Қасымовтың басшылығымен Отаңымыздың тарихшылары зерттеді. Олар: тарих ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымы Күлғазира Нұрланқызы Балтабаева, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ т.ғ.д., профессор Сәуле Әукенқызы Жәкішева, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің қауымдастырылған профессоры Раушан Қайсақызы Айдарбаева және тағы басқа ғалымдар.

Зерттеуші К.Н. Балтабаева мен С.Ә.Жәкішеваның ХХ ғ. 20–30 жылдардағы қазақ босқындарына жасалған саяси қуғын-сүргін және ақтау мәселелері //Отан тарихы. 2023. Т.26(4) С.670-682. (Орыс.) мақаласында кеңес одағы кезеңіндегі қуған-сүргінге ұшыраған «Босқын мәселесі» тарихи тұрғыдан талданған. Кеңес өкіметінің саясаты мен босқындарға

көзқарасы, сонымен қатар босқындардың паналаған бағыттары, көштің көлемі, себеп-салдары анықталған. Нәтижесінде қазіргі Конвенцияға негізделген босқындардың мәртебесі мен құқықтары туралы халықаралық құжаттар бұрыннан болған, бірақ олар Қазақстан мен оның халқы үшін яғни қазақ босқындарына қолданылмаған. Халықаралық қоғамдастық Кеңес Одағының босқындар мәселесін мүмкіндіктердің шектеулілігіне және халықаралық қатынастардағы жаңа жүйенің пайда болуы мен басқа мәселелерінің басымдылығына байланысты шеше алмады.

Сондықтан «Саяси қуғын-сүргін жылдарында Қазақстан аумағынан кеткен босқындар туралы» Қазақстан Республикасының жеке Заңын қабылдау ұсынылды. 1930-1932 жылдардағы мәжбүрлі көші-қон ауқымы алғаш рет 1,8 млн-нан 2 млн адамға дейінгі диапазонда есептелді, оның ішінде эмиграциялық шығындар – 200 мың адам деп тұжырымдаған жоғарыдағы ғалымдар [2, 4 бет].

31 мамыр 2024 жылы «Egemen Qazaqstan» тілші Жомарт Оспан мемлекеттік комиссия мүшесі профессор Р.Қ. Айдарбаевамен сұхбаттасып, «Үркіншілік – қазақ халқының қасіреті» атты мақала жариялаған болатын. Мақалада Раушан Қайсақызы, алдымен үркіншілік яғни босқыншылық мәселесіне түсініктеме беріп, тақырыптың өзекті зерттелмеген бағыттарына тоқтала кеткен. Ең алдымен, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия үш жыл ішінде өте маңызды, ауқымды істерді атқарғанын айта кеткен. Оның ішінде елімізден 1920-1930 жылдары еріксіз, мәжбүрлі түрде шетелдерге кеткендердің, жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған босқындар тағдырын, тарихын зерттеу жұмыстары да тыңғылықты жүргізілді. Большевиктік-сталиндік идеология мен насихатқа негізделген кеңестік тарих ғылымы, сондай-ақ посткеңестік кезеңдегі жергілікті ғалымдардың қазақ жерінде орын алған жаппай босқыншылықтың шынайы себептерін бүркемелеп, тұрғылықты жерін тастап, республикамыздан тыс жерге кетуге мәжбүр болған адамдарды «откочевник» – «ауа көшушілер», «қоныс аударушылар» деп атап келді. Бұл мәселеге көзқарас Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғаннан кейін ғана түбегейлі өзгерді. Комиссия қызметін үйлестіру үшін Жобалық кеңсе, сонымен қатар стратегиялық және тактикалық жоспарларды әзірлеу мақсатында құқық қорғаушы ғалым С. Қасымовтың басшылығымен әдістеме жөніндегі кіші комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссияның ұйымдастырушылары мен жаңа әдіснама авторлары жаппай қуғын-сүргінді зерттеу аясында мәжбүрлі босқындар бойынша жұмыс тобын жасақтады. Үш жыл үздіксіз жұмыс істеген маман-ғалымдар бұған дейін жабық болып келген мұрағат материалдарымен таныса отырып, сондай-ақ бұрын зерттелмеген өңірлік, аудандық мұрағаттар негізінде ХХ ғасырдың бірінші жартысында орын алған босқыншылық қазақ халқының басындағы аса ірі трагедия болды деген қорытындыға келді [3].

Халқымыздың басынан өткен осы қасіреттің әлі де болса толық ашылмаған жақтары бар. Біз Отанымыздан тыс жерлерге мәжбүрлі түрде қашудың саяси себептерін, аштықтан, суықтан, аурудан қырылған адам санын, әсіресе, балалар мен қарттар арасындағы шығынды әлі толық зерттеп біткен жоқпыз. Мәжбүрлі босқыншылықтың ұлтымызға тигізген материалдық және моральдық зияны сынды толғақты мәселелердің де әлі күнге дейін басы ашық.

Профессор Р.Қ. Айдарбаева үркіншілік деген жаңа терминді қолданылады. Бұл терминді бұрын-соңды естімеген соң түсініктемені тұтастай бергенді жөн көрдім. Үркіншілік немесе босқыншылық дегеніміз – қалыптасқан саяси-әлеуметтік, экономикалық және табиғи-климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың атақоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, басқа жаққа мәжбүрлі көшуі. Босқыншылықтың азапты ахуалын қазақ халқы ХХ ғасырда екі рет бастан өткерді. Үлкен босқыншылық 1916-1921 жылдары болды. Ұлт-азаттық қозғалыс аяусыз басып-жаншылуы, 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы мен 1921 жылғы аштық кезінде қазақтар босқыншылыққа ұшырап, аса қасіретті кезеңді бастан кешті.

Бізді қызықтырып отырған кәмпеске кезінде кеткен босқындар. Автор бұл жөнінде аса ауқымды, жан түршіктірер алапат босқыншылық қазақ жерінде 1928-1934 жылдары көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларының малын жаппай тәркілеу, зорлап отырықшыландыру, күшпен ұжымдастыру және халық көтерілістеріне қару қолдану арқылы жаныштау барысында орын алды дейді. Соның салдарынан қазақ даласында жаппай аштық басталып, халықтың бір бөлігі жан сауғалап, өзін, отбасы мүшелерін, туған-туысқандарын өлімнен, қудалаудан сақтау үшін шекара асып, босып кетуге мәжбүр болды. Оларға ресми билік «откочевники», «укочевники», кеңес өкіметіне қарсы «бандформирования» деген жалған атау беріп, сол арқылы қазақ халқының басындағы үлкен қасіретті жасырып қалуға тырысты. Бұл Ф.Голощекин айтқандай, «көшіп үйренген қазақтардың дәстүрлі көшуі» емес еді. Қыстың көзі қырауда мал-жанынан айрылған, жұпыны жеңіл киінген қазақтардың солтүстікке қарай босуының өзі мәжбүрліктен болғандығын дәлелдейді [3, 2 бет].

К.Н.Балтабаева мен С.Ә. Жәкішева жоғарыда аталған еңбектерінде Қазақстан тарихында жаппай босқындар мен этникалық көші-қон феномені ерекше кезең. Қазақ диаспоратану ғылымының негізін салушы Г.М. Меңдіқұлова әскери-саяси босқындар қатарына 1916 жылғы көтеріліске қатысқандар жеңіліп, кейін туған жерін тастап, жақындарын физикалық жойылудан сақтап қалған адамдарды жатқызады (Г.М.Меңдіқұлова «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры» 1997)[4].

1995 жылы Ресейде «Гонимые голодом: Документы о судьбе десятков тысяч казахов, бежавших в Сибирь в начале 30-х годов» атты жинақ шағарылған, ал Қазақстанда 1999 жылы Малышева мен Познанскийдің авторлығымен «Казахи – беженцы от голода в Западной Сибири. 1931–1934» деген монография жарық көрген. (Зерттеуші С.Н. Момышеваның айтуы бойынша бұл еңбек осы тақырыптағы зерттеулердің алғашқысы болатын) [7]. Өкінішке орай, жинақта көрсетілген құжаттарға қазіргі кезде зерттеушілер архивте қол жеткізе алмай отыр.

Босқындар мәселесі ұжымдастыру және отырықшыландыру туралы (Абылхожиннің 1989) еңбегінде, Ашаршылық, халық көтерілістері мен наразылықтар туралы еңбекте (Омарбеков, 2003), Бүкіл әлемдік қазақ диаспорасының қалыптасуы (Меңдіқұлова, 1997; Меңдіқұлова, 2006), Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін (Қойгелдиев, 2009) туралы басылымдарда кездеседі.

Сондай-ақ босқындар тақырыбы шетелдік ғалымдарда зерттеген. Мысалы: Мәскеуде (Жиромская және т.б., 1996), Барнаулда (Наземцева, 2010), Новосибирскте (Аблажей, 2014), Красноярскте (Дацышен, 2023) деген ғалымдардың қосқан үлестерін атап кету керек. Олардың еңбектерінде әртүрлі ұлт өкілдерінің босқындары туралы статистикалық мәліметтермен талдаулары бар [2, 5 бет].

Босқын мәртебесі туралы конвенция 1951 жылдың 28 шілдесінде қабылданғаны белгілі. Оның негізіне 1920-1930 жылдары Женевада орыс және армян, сонымен қатар Германиядан келген босқындар туралы келісімдер мен хаттамаларға қол қойылған. Осыған сүйене отырып, қазіргі Конвенцияға негізделген босқындардың мәртебесі мен құқықтары туралы халықаралық актілер қазақ халқы үшін қасіретті кезеңде қабылданып қойғанын білуге болады, бірақ олар біздің босқындарға қолданылмады. Бұл кеңес өкіметінің қазақ жеріндегі жаппай саяси қуғын-сүргін, кейбір жерде болған жұт, аштық салдарынан туындаған жаппай босқыншылық фактілері туралы ақпараттың таралуын болдырмау жөніндегі саясатына негізделді. Қазақ босқындарының мәртебесі туралы мәселе ұзақ уақыт билік назарынан тыс қалды. Тек Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үрдісі барысында босқындар санаты алғаш рет зерттеу нысанына айналып, оларға толық саяси баға беру мүмкіншілігі туды. Босқындар да большевиктік-сталиндік биліктің жаппай саяси қуғын-сүргінінің құрбандарының санаттарына күмәнсіз кіріп отыр.

Қорытындылап айтқанда босқындар мәселесі барлық ғылыми әдіс-тәсілдерге сүйене отырып зерттеліп, тарихта ашылмай қалған ақтаңдақтардың орының толтыру және өскелен ұрпаққа ақиқатқа толы ақпаратты жеткізу бүгінгі зерттеушілердің міндеті.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Материалы Государственной комиссий по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т.4. под. Ред. Е.Т.Карина. –Астана, 2022. -536 с.
2. Балтабаева К.Н., Жакишева С.А. Политические репрессии казахстанских беженцев 20–30-х гг. XX в. и проблемы реабилитации //Отан тарихы. 2023. Т. 26. 3. С. 670-682.
3. Жомарт О. Үркіншілік – қазақ халқының қасіреті //Egemen Qazaqstan 31 мамыр 2024 жылы.
4. Меңдіқұлова Г.М. «Қазақ диаспорасының тарихи тағдыры». -А., 1997. 85 бет.
5. Құдайбергенова А.И. и др. Казахские кочевники в республиках Средней Азии и России в период массового голода начала 30-х гг. XXвека: пребывание и адаптация. /Сборник архивных докумантов и материалов. – А., 2022. С 25.
6. Кыдыралина Ж.У. Исследование проблемы политических репрессий и голода 30-х гг. XX века в Казахстане. 2023г. //Қазақстан тарихы» порталы. <https://e-history.kz>
7. Мамытова С.Н. Историография истории казахов - «откочевников» за пределы казахстана в начале 30-х гг. xx века. //Отан тарихы. <https://otan.history.iie.kz>
8. Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: "Фонд XXI век", 1997. С.9

## ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ

**Мейірхан Б.Б., Ақынова А.П.**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық факультетінің «7М01602-тарих-дінтану» мамандығының 1 курс магистрі  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD, аға оқытушысы  
Қазақстан, Алматы  
[botaxan.meirxan@gmail.com](mailto:botaxan.meirxan@gmail.com)

Аңдатпа

ХІХ ғасырдың ІІ жартысында діннің қазақ қоғамындағы орны мен рөлі айтарлықтай өзгерді. Ресей Империясының отаршылдық билігінің қазақ даласына тереңірек енуімен дәстүрлі ислам институттарының рөлінің төмендеуі басталды. Отаршылдық салмаққа баса назар аудармай, бұл құрылымдар мен қайраткерлер рухани тұрақтылық пен ұлттық бірліктің тірегіне айналды. Осы уақыт ішінде саяхаттап, қазақ даласы туралы жазған көптеген шетелдіктер осы халықтың діни өмірін зерттеуге қызығушылық танытты. Бұл мақалада ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ қоғамындағы діннің жай-күйін, оның қоғамдық-саяси маңызын, шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде діннің қалай бейнеленгенін талдауға бағытталған.

Кілт сөздер: ислам, қазақ қоғамы, ХІХ ғасыр, шетелдік зерттеушілер, дін, отаршылдық саясат, медресе, мешіт, рухани өмір.

Аннотация

Во второй половине XIX века место и роль религии в казахском обществе существенно изменились. С более глубоким вторжением колониальной администрации Российской империи в казахские степи роль традиционных исламских институтов стала снижаться. Хотя в конечном итоге это не умаляет значения ислама в обществе. Напротив, не подчеркивая колониального значения, эти сооружения и фигуры стали столпами духовной стабильности и национального единства. В то время большое количество иностранцев, путешествовавших и писавших о казахской степи, намеревались, хотя бы отчасти, изучить суровую религиозную жизнь этого интересного народа. В статье предпринята попытка проанализировать состояние